



# Сыр бойы

№33 (21108) 3 наурыз, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

## ОРНЫҚТЫ СЕРІКТЕСТІК



Кеше Мемлекет басшысы Азия даму банкінің президенті Масато Канданы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Масато Кандаға іттипат көрсетіп, АДБ жетекшісі лауазымына кіріскеніне бір жыл болғанымен және банктің алдағы 60 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Қазақстан Президенті 30 жылдан астам уақыт ішінде Азия даму банкі елімізде жалпы сомасы 7 миллиард доллардан асатын 170-тен аса жобаларға қолдау көрсеткенін айтты. Осылайша, банк экономикалық өсімге, инфрақұрылымды жаңғыртуға және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты.

Мемлекет басшысы экономиканың басты секторларындағы ауқымды жобаларды жүзеге асыру жоспары жөнінде әңгімеледі. Бұл елімізде орнықты даму мен құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған.

Масато Канда Азия даму банкі Қазақстанмен арадағы ықпалдастық аясын кеңейтуді басым бағыт са-

найтынын жеткізді. Банк тұрғын үй құрылысы, төтенше жағдайларды басқару және өзге де маңызды стратегиялық жобаларды қаржыландыруға дайын екенін растады.

АДБ жетекшісі еліміздің цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу бойынша алдыңғы орында тұрғанын атап өтіп, аса маңызды минералдар секторын ілгерілетуде, ірі инвестициялық бастамаларды іске асыруда зор әлеует бар екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Азия даму банкі арасында орнықты және ұзақ мерзімді серіктестік орнаған, еліміз өзара тиімді кооперацияны одан әрі кеңейтуге әзір.

## ҚАҒИДАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

– Мемлекет басшысы 2026 жылғы 15 наурызда жаңа Конституцияға арналған республикалық референдум өткізу жөнінде Жарлыққа қол қойды. Конституция жобасында Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы сақталып, мемлекеттің унитарлы сипаты мен шекарасына,

аумақтық тұтастығына қол сұғуға болмайтын нақтыланған. Біздің мақсатымыз ортақ, ол – Тәуелсіз еліміздің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, халқымыздың өмір сүру сапасын арттыру.

Ал «Заң мен тәртіп» қағидатының Конституция деңгейінде бекітілуі заң үстемдігі мемлекет пен

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры Нұрғалым Әдіров құқық қорғау органдары, басқарма, жергілікті оқу орындарының басшыларымен, профессорлар және студенттермен, адам және бала құқықтары жөніндегі уәкілдермен кездесті. Онда «Заң мен тәртіп» қағидатын өңірлік деңгейде нақты іске асыру, құқық қорғау органдарының кәсіби әлеуетін арттыру, ғылым мен практиканың өзара байланысын күшейту мәселелері талқыланды деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі. Нұрлыбек Машбекұлы еліміздің құқық қорғау, заң шығару салаларындағы ауқымды реформаларға тоқталды.

қоғам өмірінің басты құндылығына айналатынын білдіреді. Бұл міндет, ең алдымен, құқық қорғау жүйесінің кәсібилігіне, кадр сапасы мен басқару мәдениетіне тікелей байланысты.

2-бет

/// АКТИВ

## АРДАҒЕРЛЕР КЕҢЕСІ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мәжілісі өтті. Жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, салалық ардагерлер кеңестерінің тұрақты және тексеру комиссияларының төрағалары, ардагерлер қозғалысының белсенділері, ZOOM байланысы арқылы Байқоңыр қалалық және аудандық ардагерлер ұйымдарының алқа мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібі бойынша «Жаңа Конституция – тұрақты дамудың негізі» тақырыбы талқыланып, облыстық ардагерлер кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері, осы жылға арналған жұмыс жоспары, тағы басқа мәселелер қаралды. Мәжілісті облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев жүргізіп отырды.

Жиында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары ардагерлерді қолдау бағытында облыс көлемінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Қаладағы қарттар үйі жанындағы мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету орталығында 50 орындық бөлмешеле, Талсуат елді мекенінде 150 орындық қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған

оңалту орталығында тиісті әлеуметтік қызметтер көрсетілуде. Сонымен қатар, қызмет көрсететін мекемелердің материалдық базасын жыл сайын нығайту және қызмет алушыларға қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасай отырып, сауықтыру және әлеуметтік оңалту іс-шаралары қолға алынған.

Облыс орталығында бірнеше жылдан бері «Сыр мейірім» жобасы жүзеге асырылып келеді. Бұл жобаға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, көмекке мұқтаж 225 жалғызбасты қарт пен мүгедек, аз қамтылған отбасылар түскі аспен қамтылған. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 13646 адамға әлеуметтік төлемдер төленіп, қолдау көрсетілді.



Өткен жылы облыс әкімінің қолдауымен, Женістің 80 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушыларына 1,5 млн теңгеден бірреттік төлем берілді. Бұдан бөлек, 2024 жылы демешушілер есебінен 130-дан астам ардагерге демалыс орындарына баруына қолдау көрсетілген болатын, – деді Д.Жаналинов.

2-бет

/// БІЗДІҢ АУЫЛ

## БЕРЕКЕ ҰЯЛАҒАН «БЕСАРЫҚ»

Бұл жолғы бағытымыз – Сырдария ауданының «Бесарық» ауылы. Қалаға жақын ауылға тез жеттік. Тақтайдай тегіс жол. Ауылдың келбеті көз тартады, қала іспетті. Әлеуметтік нысандар заман талабына сай бой көтерген.

Ауылдың әлеуеті зор, шаруашылығы дамыған, берекесі артқаны байқалады. Абаттандыру, тазалық жұмыстары жүйелі екені көзге көрініп тұр. Біздің нысан – белгілі «Абай-Дәулет» ЖШС. Қазір онда құс шаруашылығы дамып, мал басы көбейген.

Бізді «Абай-Дәулеттің» менеджері Ербол Шатенов қарсы алып, ауыл іргесіндегі шаруашылыққа бет алдық. Алдымен қырғауыл шаруашылығын көрдік. Торда 1000-ға жуық қырғауыл бар. Қораның аумағы әлдеқайда үлкен. Құстар жабайы болғандықтан ба, бізден секем алып, ұша жөнелді. Мекені мен қоразын ерекшелігінен айыруға болады. Кейбірі бағандарда қонақтап, бакылап тұрғандай. Өте сак құс. Қызық. Адамның қолынан келмейтін іс жоқ. Дала құсын табиғатта жүргендей етіп, айналасын бейімдеген.



– Бұл – жабайы құс. Күтімі де ерекше. Қора ішіне 6 жәшік орнаттық. Оған бидай, күрмек, жүгері сынды дәнді дақылдар салынады. Қорек бір аптаға жетеді. Таза су беріледі. Қырғауыл үйі құстарына қарағанда тыныштықты қалайды. Сол себепті су мен жемін бір аптаға жететіндей етіп саламыз. Құстарға жауапты мамандар күнделікті бір мезгіл аралап, бакылайды. Ауа райының қолайсыздығы кезінде қатаң қадағалаймыз. Сондай-ақ торды жыртқыш аңдар теспіп кетпеуі үшін күнде бір мезгіл тексереміз. Қырғауыл

сәуір айында жұмыртқалай бастайды. Жұмыртқасын жинап, инкубацияға саламыз. Қазір құс санын көбейтуді көздеп отырмыз. Алдағы уақытта олардың санын 5-6 мыңға жеткізбекпіз. Биыл жазда 2-3 мың басқа көбейтеміз. Бірақ ол жұмыртқаның жиналуына байланысты. Инкубацияға салынған жұмыртқадан 28 күн ішінде балапан шығады, – дейді менеджер.

4-бет

## ҚАҒИДАТ ЗИЯНКЕСТЕРМЕН КЕШЕНДІ КҮРЕС ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ҚР АШМ Агроресурстарды қамтамасыз ету агенттігінің қызметіндегі басты бағыттардың бірі.

Комитеттің облыстық аумақтық инспекциясы өткен жылы сауда базарларына жүргізілген бакылау және қадағалау жұмысының нәтижесінде 147 заңбұзушылықты анықтап, базар иелеріне 12 млн теңгеден астам айыппұл салды. Ал биыл 9 айыппұл салынып, 865 мың теңге өндірілді.

Аталған құрылым тарапынан былтыр 2895 фитосанитариялық сертификат беріліп, шетелдерге 127 мың тоннаға жуық және 922 мыңдай қартон қорап, жүк түпқоймасы экспортталды. Жыл басынан бері 304 фитосанитариялық сертификат пен 1 есепке алу нөмірі табысталды.

2-бет

/// ДҮНИЕ-ДҮРМЕК

## ТӨРТ МЫҢНАН АСА ТУРИСТ БАР

АҚШ пен Израильдің Иранға жасаған шабуылдары Таяу Шығыс елдеріндегі және одан тыс аймақтардағы әуе қатынасын бұзып, жағдай күрделеніп отыр. ҚазАқпараттың мәлімдеуінше, Қазақстаннан БАӘ, Қатар, Сауд Арабиясына барған 4 мыңнан астам турист бар.

«Туристік Қамқор» корпоративтік қоры Таяу Шығыстағы ахуалға байланысты қазақстандық туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде түсінік берген. Осы қордың директоры Асылхан Есіловтің айтуынша, бірнеше елден қазақстандық туристерді қайтару қиындап отыр. Біріккен Араб Әмірліктерінде 2,5 мыңнан астам адам қалған, олардың туркодтары бар, қонақүйлерге орналастырылған. Ал Сауд Арабиясында 200-ден астам турист сапармен жүр. Олардың бәрі қазір қонақүйлерде.

– Мұнымен қоса, Қатарда 1 мыңнан астам қазақстандық турист тіркелді. Атап айтқанда, тур-

коды бар туристерге мейлінше қолайлы жағдай жасалған. Ешкімді қалдырмаймыз, олардың жағдайын бакылауда ұстап тұрмыз, – деді корпоративтік қор директоры. Сондай-ақ ол әуе компаниялары өз міндеттемелерін орындауға әзір екенін, алайда әуе көлігімен сапарлау қаупі сейілмегенін айтады. «Туристік Қамқор» корпоративтік қорының мәліметіне қарағанда, туркодпен барған туристер қонақүймен қамтамасыз етіледі, ал өз күшімен сапарлағандарға мұндай жеңілдіктер қарастырылмаған.

«СБ» ақпарат



# ҚАҒИДАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ



Бытыр 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» заңға қол қойды. Бұл заң құқық бұзудың алдын алуды жазалау шараларынан басым қойып, профилактиканың бірінші жүйесін қалыптастырады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқыққа қайшы мінез-құлықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу бойынша кешенді әрі ведомстволық жұмысты күшейтуге мүмкіндік береді.

Президентіміздің тапсырмасымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымына енгізілді. Бүгінде бағдарлама «Заң мен тәртіп», «Еңбек адамы», «Таза Қазақстан» ұстанымдары аясына жүйеленді. Бұл – болашағына алаңдатын, ұрпақ тәрбиесін басты құндылық санайтын еліміз үшін айрықша маңызға ие бағыттар, – деді облыс әкімі.

1-бет

Жиында Нұрғалым Әбдіров сөз сөйлеп, академия білікті кадрлар даярлап, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілетінін, оның түлектері құқық қорғау жүйесінің кәсіби әлеуетін нығайтып, «Адал азамат» қағидатын іске асыруға белсенді үлес қосатынын айтты. Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Наурызбай Байқадамов, академияның кафедра меңгерушісі Артур Баймаханов күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасады.

Сөз қорытындысында облыс әкімі барша жұртшылықты алдағы маңызды саяси кезеңде елдік мүдде жолындағы іске жоғары жауапкершілікпен белсенді атсалысуға шақырды.

Жиын соңында аймақ басшысы, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры, облыс прокуроры мен облыстық полиция департаментінің бастығы Қызылорда облысында кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалатын құқықбұзушылықтардың профилактикасы саласындағы ведомстволық өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қойды.

«СБ» ақпарат



15 НАУРЫЗ МАРТА

# РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

## «ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын қуаландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетенді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетенде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға қаз келген белгі қоясыз. Бюллетенге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетенді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсысымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

## «ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз уақытыңызда референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу уәкілетті референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін уәкілетті референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару

куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде уәкілетті референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша уәкілетті тізімге енгізеді. Бір ел мекенін шегіндегі басқа уәкілетті дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсысымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

### /// АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

## БІРҚАТАР САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Алғыс айту күніне орай «Достық үйінде» тұрғындардың қалыпты тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін салалардың қызметкерлерімен кездесті. Оған Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылыққа құттықтауын жеткізіп, еңбек адамдарының мәртебесі қашанда биік екенін айтты.

– Жарқын көктеммен жарасым тапқан бұл мереке адамдар арасындағы сыйластық пен тілектестікті, ризашылық пен шынайы құрметті арттырады.

Айтулы күн қарсаңында тұрғындардың қалыпты тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін салаларда күннің ыстық-суығына қарамай, уақытпен санаспай еңбек ететін қызметкерлерге құрмет көрсету үшін бас қостық. Сондай-ақ қасиетті Отанымызды қорғауда патриотизмнің нағыз үлгісін көрсетіп, өзіне жүктелген міндетті мұлткіз орындайтын айбынды әскери қызметшілерімізге, құқық қорғау саласы қызметкерлеріне, сын сағатта қайсарлық танытып, өзінің өмірін сақтау үшін өз басын қатерге тігетін өрт сөндірушілер мен құтқарушыларға, шұғыл медициналық көмек көрсететін жедел жәрдем қызметкерлері мен қол саласы мамандарына, ел игілігі жолында еңбек етіп жүрген еріктілерімізге барша Сыр жұртшылығының атынан зор ризашылығымызды, шынайы алғысымызды білдіреміз! Сіздердің адал еңбектеріңіз барлық құрметке лайық.

Президентіміздің Жарлығымен жаңа Конституцияға арналған Республикалық референдумды 2026 жылғы 15 наурызда өткізу туралы шешім қабылданды. Бұл – еліміздің жарқын келешегі үшін өз тандауымызды жасап, кәсіптерімізді берік негізін қалауға берілген тарихи мүмкіндік.

Конституция жобасында Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы сақталып, мемлекеттің ұнарталы сипаты мен шекарасына, аумақтық тұтастығына қол сұғуға болмайтынға нақтыланған. Елдігіміздің басты нышаны саналатын жаңа құжатта «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындалған. Ұлымыздың тарихына алтын әріппен жазылатын саяси маңызды кезеңде Сыр жұртшылығы жаңа Конституция жобасын қолдайды деп сенеміз. Баршаныңызды осы іске жоғары жауапкершілікпен белсенді атсалысуға шақырамын!

Тәуелсіз еліміздің жарқын болашағы жолындағы еңбектеріңіз жемісті әрі табысты болсын! – деді облыс әкімі.

Жиында Руслан Рүстемов сөз сөйлеп, бірқатар сала мамандары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

## АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЫН БЕКІТТІ

Ардагерлер ұйымы – еліміздегі үлкен саяси күштердің бірі. Бүгінде оның құрамында әр салада қызмет еткен 2,5 млн-нан астам зейнеткер бар. Осы орайда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлы аға буын өкілдері әрдайым Президент бастамаларына қолдау білдіріп, халықтың бірлігін сақтап, қоғамның тұтастығын қалыптастыруға игі ықпал етіп отырғанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы «Ардагерлер ұйымы – Үкімет пен халықтың арасын байланыстыратын звенолардың бірі» деген болатын. Осы ретте, қарапайым халық пен билік арасында алтын көпір болып, түйткілді проблемаларды шешуде зор үлес қосып отырған ардагерлер кеңесінің азаматтық қоғам секторында алатын орны ерекше екенін айтып өткеніміз жөн.

Биылғы жылдың басты жаңалығы, санауды күндерден кейін елімізде мемлекетіміздің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде референдум өтеді.

Алдын ала халықтың талқысына ұсынылған Ата Заңымызда «Ұлы Дала», «Әділетті Қазақстан» және «Құқықтық тәртіп» ұғымдары негізгі қағидаттары анықтайды. Қоғамның бүгінгі талабына сай жаңа Конституцияны қабылдау елдің болашағына тікелей әсер етеді және мемлекеттің саяси дамуындағы маңызды кезең болады деп сенеміз.

Саяси маңызды зор, жалпыхалықтық жауапкершілігі жоғары іс-шараға аймақ ардагерлері ұйымшылдықпен атсалысады, – деді С.Дүйсенбаев.

Алқалда «Жаңа Конституция – тұрақты дамуыңіз негізі» тақырыбында облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Бақыт Нұртазаев баяндама жасады. Талқыланған басты тақырыпқа байланысты ауыл шаруашылығы саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпанұлы, облыстық ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі Бекмырза Елманов, облыстық ішкі істер саласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмірбек Шаймағамбетов пікірлерін айтып, жаңа

1-бет



Конституцияда адам құқығы мен бостандығы, «Заң мен тәртіп» қағидатына негізделген ережелер ел болашағына кепіл болатынына сенім білдірді. Сонымен қатар, өз салалары бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстарды саралай келіп, күрмеулі мәселелерді де ортаға салды.

«Облыстық ардагерлер кеңесінің 2025 жылы атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері» бойынша баяндама жасаған облыстық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Жұмабек Әлиев аймақ ардагерлерінің қатысуымен жыл бойы атқарылған қоғамдық бастамалар, мәдени-көпшілік жұмыстарды назарға ұсынды.

– Өздеріңіз білесіздер, облыстық ардагерлер кеңесі аймақта саяси тұрақтылықты сақтауды, қарттардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғауды, жағдайы төмен қариялардың әлеуметтік-тұрмыс тіршілігіне қол ұшын беруді, денсаулығы нашар кісілерге барып хал-ақуалын білуді парыз санай келеді. Бұрыннан қалыптасқан жұмыс бағытынан таймай, жасампаз тірлікке ұйытқы болып, жақсы істерге куә, іргелі жобаларға қолдау көрсетуде.

Бүгінде облыс бойынша 85 мыңнан аса зейнеткеріміз бар. Оның 68 017-сі нақты тіркелген. Олар 2 қалалық және 7 аудандық ардагерлер ұйымына біріктірілген 773 бастауыш ардагерлер ұйымында есепте тұр. Оның ішінде, көмекке зору қарттарымыздың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында облыс бойынша 151 ардагер анықталып, оларға тұрғын үйін жөндеу, қаржылай көмек көрсету, азық-түлік тарату сияқты, басқа да әлеуметтік көмектер беріледі. Бұл игілікті істер жергілікті кәсіпкерлер мен шаруашылықтардың қолдауымен жүзеге асырылуда.

Ұрпақ тәрбиелеу ісінде аналар мен әжелер институтының қоғамдағы мәртебесін арттыру мақсатында ұйымдастырылған «Аялы әже» форумы көпшіліктің жоғары бағасына ие болды. Аталған форумға өзге өңірлерден ардагерлер кеңесінің төрағалары арнайы қонақ ретінде шақырылды. Сыр өңірі әжелерінің ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтарды дәрiптeудегi тағалымды тәжірибесi, өнегелi iстерi насихатталды.

Тағы бір игілікті іс, ардагерлеріміз жаңарған Түркістан шаһарына саяхаттап, Ұлы ақын Абай еліне, Жидебай жеріне

зиярат етіп, барып қайтты. Осы орайда қолдау көрсеткен облыс әкіміне, облыстық ардагерлер кеңесіне алғыс білдірді. Сондай-ақ қараша айында облыс әкімі Нұрлыбек Машбеқұлының тікелей қолдауының арқасында біздің аймақта еліміздегі барлық ардагерлер ұйымының басқосуы, республикалық семинар кеңесі жоғары дәрежеде өткеніне ерекше тоқталғым келеді, – деді Жұмабек Әлиев.

Баяндама төңірегінде облыстық ардагерлер кеңесінің пленум мүшелері Әбдімаулен Токтыбаев, Дәулетбай Барғанаев, Әжелер алқасының төрайымы Рәзия Қалжанова, Шилелі кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Күлімбаев сөз сөйледі. Сондай-ақ облыстық ардагерлер кеңесінің тұрақты комиссия төрағалары мен мүшелерін бекіту жайында облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Мақсұт Бакеев баяндама жасады.

Алқа мәжілісінің қорытындысымен тиісті қаулы жобалары қабылданды. Сонымен қатар, бірқатар ардагерге мерейтойына орай марапаттар табысталып, сый-құрмет көрсетілді.

Газиза ӘБДУЛА, «Сыр бойы»

## ҚАУІПТІ ЗИЯНКЕСТЕРМЕН КЕШЕНДІ КҮРЕС ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Инспекция жұмысының тағы бір тармағы ауыл шаруашылығы алқаптарының фитосанитариялық жай-күйін жақсартуға бағытталған. Ауыл шаруашылығында өсімдіктерді қорғау, зиянды, аса қауіпті зиянды жәндіктер мен карантиндік объектілерді бақылау әртүрлі әдіске негізделген іс-шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Оның ішінде егінді таптап өтетін шегірткемен күрес жүйелі түрде жолға қойылған. Өңірде зиянкестің дәл осы үш түрі кеңінен тараған. Биыл Қызылорда облысында азиялық шегірткеге қарсы 33 350 гектар,

1-бет

италиялық пруска қарсы 31 830 гектар, саяқ шегірткеге қарсы 55 540 гектар жер өңделеді.

– Өткен жылы мұндай жұмыс Арал, Қазалы аудандарында қарқынды жүргізілді. Ақтөбе облысымен шекаралас тұста жылдар бойы химиялық өңдеу қорғыммен аумақтар болды. 33 мың гектар жерден өзіміз болжағандай италиялық прус шықты. Желді күндері жерді улау тиімсіз екен. Пестицид сумен араласып, кеуіп кетеді. Сондықтан авиация қызметіне жүгіну қажет болды. Химиялық өңдеуден өткен жерде зиянкес мүлдем жойылып кетпейді, 15 пайызынан дернәсіл өсіп шығады. Облыстағы өңде-

летін жердің негізгі бөлігі солтүстіктегі екі ауданда. Ал азиялық шегірткеге қарсы күрес іс-шаралары негізінен күріш шаруашылығына бейімделген Жаңақорған, Шилелі, Сырдария, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласында атқарылады, – деді инспекция бастышы Мұхтар Оразбаев.

Өткен жылы азиялық шегірткеге қарсы 35 322 гектар, италиялық пруска қарсы 35 360 гектар, саяқ шегірткеге қарсы 55 394 гектар жер уланды. Ерте көктемнен бас көтеретін қауіпті жәндіктен құтылуға қазірден қам жасалып жатыр. Осы бағытта облыс әкімі орынбасарының жетекшілігімен өңірлік штаб құрылды.

Бытыр облыс аумағында карантиндік объектілер жатаған уәкілетті қарсы 91 гектар, қауын шыбынына қарсы 1750 гектар жерде республикалық бюджет қаражаты есебінен химиялық өңдеу жұмысы жүргізілді. Калифорниялық қалқанша сымарына қарсы 29,5 гектар, арамсоюға қарсы 526,15 гектар, жатаған уәкілетті қарсы 6,5 гектар жер толық залалсыздандырылды. Зерттеу нәтижесінде бныл да бұл бағыттағы жұмыс жалғасын береді.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Дүниедегі ең қымбат қазына – алтын да емес, ақша да емес, уақыт. Адам баласының ғұмыры да уақыт еншісінде. Уақыт шіркін құба жонның құланындай шаң қаптырып өтіп барады. Асқар таудай ағамыз Қаһарман Тоғызбайұлы Табынбаевтың бұл өмірден өткеніне бес жыл уақыт ұшқан зымырап өте шығыпты-ау. Егер ортамызды ойсыратпай тірі жүргенде 90 жастың төріне шығар еді. Сірә, уақыт өмірші деген осы болар.



керек. Ат басын Ыбекеннің ауылына бұрып, хатты егжей-тегжейлі таныстырып, қолын қойдырып алғанымда нығмын ауыр жүк түскендей сезініп, рахат сезіміне бөленгенім бар. Даңғайыр диканның «Жас достарға хаты» облыстық партия комитеті тарапынан қолдау алып, облыстық баспасөзде жарияланды. Аталған бастама ден әрі қарай қанатын кеңге жайып, аймақ деңгейінен асып, республика жұртшылығына жария етілді.

...Қаһарман ағаның өмірлеріне қайтадан көз жібердім. 1965 жылы білімін жетілдіру мақсатында Алматыдағы Жоғарғы партия мектебіне жолдама алған. Партия мектебінен кейін алдымен облыстық партия комитетінде нұсқаушы, бертін келе ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды.

1969 жыл болатын. Облыстық партия комитетіне Қаһарман туған топырағы Жалағаш аудандық партия комитетінен ауданға жіберу жөнінде сұраныс келіп түсті. Мамандығына қарай алдымен аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы болып тағайындалса, осы сала жұмысында ысылған соң араға бары-жоғы екі жыл салып, яғни 1971

## ӨМІРДЕ ӨШПЕЙТҰҒЫН ІЗІ ҚАЛҒАН

Сексен жасқа толғанда Қаһарман ағаның үйіне ат басын бұрғанбыз. Бізді құшақ жая қарсы алған аға:

– Інілерім, уақыт деген осы, жүреdek по-йыздай жұйткіп барады. Көргенім мен көңілге түнгенім көз алдымда. Өткен, көкірегімде сайрап тұрған жүрек жазбаларымды қағаз бетіне түсіріп, ұрпаққа ұлағат етейін десем, қолы құрғыр жүйрейді. Бірақ айтарым, менің мінезімді білесіңдер ғой, әлдекімдер тәрізді өз-өзімді дәріптеуден бойымды аулақ ұстаймын. Өйткені, бұл өмірде асқанды да көрдік, тасқанды да көрдік, асып-тасып асқанды да көрдік. Өскенді де көрдік, өнгенді де көрдік, өсіп-өніп өскенді де көрдік. Сірә, адам деген арқаң ат шын мәніндегі адамға ғана лайық болса керек. Еліне, жеріне, ұрпағына қолдан келер қамқорлығын, ізгілік дарытпасна адам деуге бола ма, сіра?!

Қаһарман ағаның осы аталы сөзі арқамызға қамшы болып тиген-ді. Содан да ағамыздың өнегелі де өркенді өмір жолын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Қаһарман аға 1936 жылдың көгілдір көктемінде наурыз айында Жалағаш кентінде өмір есігін ашқан. 1954 жылы осы кент орталығындағы кезіндегі Сталин атындағы №31 орта мектебін күміс медальмен тәмамдап, Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға қабылданып, 1959 жылы ғалым-зоотехник мамандығын иеленген.

Оның еңбек жолы Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясында кіші зоотехник болудан бастау алды. Бертін келе бас зоотехник міндетін атқарып жүргенде, яғни 1961 жылы аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясы таратылды. Қаһан осы ауданға қарасты «Қарақол» қой совхозына бас зоотехник қызметіне жіберілді. Сол жылдары Калинин атындағы колхоздың мал шаруашылығы саласы тұралап, құрдыма кеткелі тұрғандар. Содан да мал шаруашылығы маман кадрларын нығайту мақсатында Қаһанды осы елді мекеннің бас зоотехник қызметіне ауыстырды. Шаруашылықты қалпына келтіруге зор күш-жігерін қосқан Қаһан ауыл жастарының тұрмыс-тіршілігіне де зер салып, оларды еңбекке баулуға бел бұя, білек түре кіріседі. Ауыл жастары оған зор сенім артып, колхоз бастаушы комсомол ұйымының хатшысы етіп сайлайды. Ауылы ғана емес, аудан көлеміндегі түрлі іс-шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан ол аудандық комсомол комитетінің штаттан тыс хатшылығына тағайындалып, бюро мүшелігіне сайланды.

Сонау 1960-1970 жылдары Кеңес заманында мемлекеттік құрылымдар жиі-жиі өзгеріске ұшырап отыратын. Содан болар, 1963 жылы Жалағаш ауданы таратылып, Қармақты ауданына қосылды. Жасаратыны жоқ, небір білікті де білімді мамандар жұмысыз қалып жатты. Аудандық партия комитеті Қ.Табынбаевтың өмір мен еңбек жолын таразыға салып, іс-қабілетін зерттеп, жастарға жетекшілік жа-сауға сенім артты. Сөйтіп ол 1963 жылы Қармақты аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланды. Оның жас-тар ісіндегі белсенділігін байқаған облыстық партия комитеті сол жылы облыстық комсомол комитетінің екінші хатшысы қызметіне тағайындады.

Қаһаның өмірлерінің осы тұсына келгенде көптен көкейімізде жүрген бір толғақты сауал ойымызға орала кетті.

– Қаһа, естүмізше, атақты дикан Ыбырай Жақаевтың жастарға бастамасын ұйымдастыруға сіз бас-көз болған көрінесіз, осы жайлы айтаңыз?

– Айтайын. Осы бір игілікті істе бір менің ғана емес, сол кездегі облыстық комсомол комитетінде қызмет еткен айтулы азаматтардың да өзіндік қолтаңбасы бар. Ол кезде мен облыстық комсомол комитетінің ауыл шаруашылығы саласына басшылық ететінмін. Бір күні облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Абылай Айдосов ақылдасып, жақашауыл жастар қозғалысын бастау жайлы ой қозғаған. Осыған байланысты облыстық комсомол комитетінде дала академиясы, атақты дикан Ыбырай Жақаевтың жастарға үндеу хатын ұйымдастыру бастамасы ойнама орала кетті. Бұл ұсынысты облыстық партия комитеті мен Қазақстан комсомол жастарының орталық комитеті де қызу қолдап, бұл құжаттың жобасын дайындау маған тапсырылды. Өрине, жеңіл шаруа емес. Ыбекеннің жастарға арнаған хат жобасын дайындау үшін күн-түн көз ілемей жүргенім елі есімде. Ұзын сөздің қысқасы сол, хат жобасын дайындап, облыстық партия мен комсомол комитетінен қолдау алдым. Іс мұнымен бітпейді. Өйткені, хат жобасы Ыбырай атаға таныстырылып, келісімін алу

жылы аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болды. Ал 1974 жылы облыстық партия комитеті оған зор сенім артып, ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісі қызметіне алдырды. Ендігі сөзді Қаһана ұсындық.

1979 жыл болатын, – дейді Қаһан, – Қазақстан орталық партия комитетіне Қазалы ауданының 70 тұрғыны қол қойған шағым келіп түсіпті. Тексеру комиссиясы арызды мұқият қарайды. Расында да қыруар кемшілік етек жайған екен. Олқылықтар мен кемшіліктері үшін сол кездегі аудан басшылары жаңартылды. Облыстық ауыл шаруашылығы бөлімі басшылығында жүргенде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Тәкей Есетов осы аудандың бірінші хатшысы қызметіне баруды ұсынды. Шынымды айтсам, барғым жоқ, бармасқа лажым болмады.

Ал 1983 жылы сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Тәкей Есетовтің нұсқауымен Қармақты аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне барғаным. Ашығын айтсам, бұл ауданда да алып-қашпа әңгіме бар екен. Десе де, ақ жолдан адалай жүріп, ақты ақ деп, қараны қара деп бағаласан, шындықтың шырағы өшпес болар, інілерім.

...Іә, екі бірдей аудандағы басшылық қызметін абыройлы атқарып, өрлеу жолына салған Қаһарман 1986 жылы облыстық партия комитетінің шешімімен ауыл шаруашылығы саласына басшылық қызметке келді. Мал асылдандыру станциясының директоры, одан әрі тұтыну қоғамы төрағасының орынбасары, дайындау конторасының директоры қызметтерін атқарып, республикаға ерекше еңбек сіңірген дербес зейнеткер құрметіне ие болып, еңбек демалысына шыққан.

Қаһарман ағаның ел алдындағы ерен еңбегі ескеруісіз қалған емес. Ол «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендері мен Тәуелсіз Қазақстанның «Ерен еңбегі үшін» медалін алды. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы, басқа да құрлыр органдардан алған Алғыс хаттары мен ондаған мерекелік медальды санамаған айту әсте мүмкін емес. Кезіндегі облыстық, аудандық партия комитетінің бюро және пленум мүшесі, облыстық кеңестің бірнеше дүркін депутаты болып сайлануы, Жалағаш, Қазалы аудандарының құрметті азаматы атануы халық сенімінен туған құрмет болса керек.

Қазыналы карт қартайса да қарап отыруды қаламады. Он екі жыл бойы облыстық ардагерлер кеңесінің пленум жөне алқа мүшесі болып, ақыл-кеңес айтып, шамасы келгенше тәлімді тәрбие берумен өмірден өтті.

Қаһарман аға Құдай қосқан қосағы Рүс-тембекқызы Ершімен өмірге Ләззат, Жаннат, Салтанат, Шамшырақ, Шолпан, Жанар есімді алтын асықтай алты қыз әкеледі. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тән пішер» деп, атам қазақ айтқандай, олардың бәрі дерлік жоғары білім алып, сан алған салада еңбек етті. Өнегелі отбасы Сәкен, Қабылбек, Әділ есімді күйеу балаларын өз баласындай қамқорлық құшағына алып, олардан тараған 16 немере мен 11 шөберені қызығына кел-неді. Сондай-ақ есімдері Сыр еліне танымал Шыңғыс Айбосынов, Өшпек (Шаризд) Таубаев, Жарлықасын Үмбетов, Ергали Бекішев, Зупар Әшімов, Бимырза Арыңғазы есімді құдаларымен туған бауырдай аялдастықта болды.

Адамның атын тану оңай да, адамгершілігін тану аса қиын екен. Қаһанмен әңгіме үстінде әр адамның өзіне ғана тән бітім-болмысы, өмірге көзқарасы, бір-біріне ешбір ұқсамайтын бітімі мен мінез-құлқы болатынын аңғардық. Өрбір адамның өмірі – өзіне бір тарих. Астарында қуаныш та, реніш те, ерлік те, оны айта-сыз, еңсе түсіріп, кейкітер сындарлы сөздер де болады. Бұл – өмір жасы. Бүгінде көзі тірі болғанда 90 жастың төріне шығып отыратын Қаһарман аға да осындай өмір заңымен жаза баспай жүріп өтті. Осы жылдары талайлармен үзенті қағыстырып, ел басқарды, ел-жұрттың тұрмыс-тіршілігін түзеуге барынша қызмет етті. Туған топырағы Сыр елі күлдендіріп, экономикасы мен әлеуметтік ахуалын жақсартып, өрге бастыруға сіңірген еңбегі өлшеусіз болды. Сөйтіп, өмірде өлмейтұғын ісін қалдырды.

**Шакизат ТӨРЕБАЕВ,**  
**Қызылорда облысының**  
**құрметті азаматы,**  
**Еркін ӘБІЛ,**  
**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,**  
**Қазақстанның құрметті журналисі**

Бүгін Сыр бойында өзінің вокал мектебін қалыптастырып, талантты шәкірттерді түлетіп ұшырған Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Қарақоз Ақжігітқызы Ақдаулетованың 70 жылдығына орай еске алу кеші өтеді. Кеште Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақтияр Тайлақбаев, ұстаздың төл шәкірттері Бибігүл Жанұзақ, Самал Байсейітова, Тахауи Рахметов, Алмас Кішкенбаев, Руслан Садықов, Қанат Мәулен, Мақсат Мақұлбеков, Жадыра Белгібаева, Нұрболат Сейітмұратов, Құралай Мейрамбек, Ұлпан Әбдікерімова және Қ.Ақдаулетова атындағы балалар студиясының өнерпаздары өн шырақтайды. Өнерпаздарды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мүсілім Әмзе бас дирижерлік ететін облыстық филармонияның симфония оркестрі сүйемелдейді. Біз жарқын бейнесімен, қайталанбас үнімен жұртшылық жадында қалған өнер иесі туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Елена Әбдіхалықованың естелігін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

## Қарақоз десе, Қарақоз еді

Сыр бойы – неше ғасырдан бері талай сандуғашты тудырған өлке. Содан да болар, халықта «Сыр елі – жыр елі» деген айнымас афоризм қалыптасқан. Тізбектесек, сонау есте жоқ ескі замандардан бастау алатын, Қорқыт сынды тұлғаның есімі ойға оралады. Оның заманында да талай жүйрік өткен шығар-ау... Бірін білдік, бірін білмедік. Бірін іздедік, бірін іздемедік... Біріне сыйынамыз, бірін ұмыттық... Олардың білінбегеніне, ізделмегеніне, ұмытылғанына өздері кінәлі емес екені анық. Тіпті адамдар да кінәлі емес. Бар кіне уақытта! Қай заманға да, қай тағдырға да төреші – уақыт... Қазақ «маңдайынан тағдыр сүйген» деп жатады... Меніңше, уақыт сүйген әлдеқайда ұзағырақ. Өйткені, Тағдыр пендемден бірге туып, бірге өлетін дүние. Ал уақыт – ұлы кеңістік! Кейде адам маңдайынан сол уақыттың сүйгенін байқамай да қалады. Оған себеп – бейқамдық. Ал енді бейқамдық – қазақтың негізгі болмысы.

Жоғарыдағы ұлы кеңістікке мектеп оқушысы болып шығады. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей. Әсіресе, талантты бар-лардың бойында болатын талпыныс – осы.

...Мен көрген «маңдайынан уақыт сүйген» өнерпаздың бірі Қарақоз Ақжігітқызы Ақдаулетова еді. Өңші! Шын мәніндегі өңші. Атақты бұлбұл өңші Бибігүл Ахметқызы Төленовадан талғым алған талант иесі Қызылорданың Қызылжарма ауылында дүниеге келген еді. Жастайынан пысық, тәрбиелі болып өскен Қарақоздың бір отбасының кеңжесі екенін және сол еркегілі мен ер-кіндігі оны өнер майданында талай қиындықтан алып шыққанын көзіміз көрді.

Қылы тағдырмен, «тар жол, тайпақ кешумен» Қызылорда пединститутын бітіргеннен кейін, менің сол жерде дәріс бергенім аға деп, дос деп жүрген әріптестеріме ұнамай қалып, тағы қуғын-қуғынға ұшыраған шақта, Қызылорда музыкалық колледжине сабақ беруге келдім. Сол сәттен бастап, Қарақозбен бірге жүрдім. Мен оны жасы үлкен болған соң, «Қақа» деймін, ол мені өзіне қойылған атқа сай, «Лақа» деп еркелетеді. Кейде орыс тілді әріптестеріміз Қарақозды «Қара» деп жатса, мен «Сал Қара» деймін. Кейде нағашы әжемнің аты Қарақоз болған соң, мен оны «әже» деп атайтынмын. Сал-серілік дәуіріміз солай тоғасты. «Әр істің қайыры бар» демекші, менің пединституттан «қуылғаным», сөйтіп музыкалық колледжге жұмысқа келгенім, кәсіби музыка маманының арасында жүргенім шығармашылығыма көп әсер етті. Облыстың барлық іс-шарасында Қаһанмен бірге жүреміз. Концерттерде, жиындарда, сапарларда. Қасымызда белгілі композитор Рамазан Тайманов, марқұм Ақмұрат Жетпісбаев, белгілі журналист Жағыппар Қарабала, кәсіподақ басшысы Райкүл Мансурқызы, ұстаз марқұм Рахия Есназарова, режиссер Гүлсара Мәмбетова, мәдениет мейрамханасы Жұмабек Әлиев. Кіле «сен тұр, мен атайындыр». Бас қосылса, әңгімеміз – өнер, шығармашылық.

Сол бір жылдары, облыста мұғалімдердің «Наурыз шапағаты» облыстық өнер байқауы Райкүл Мансурқызы Байназарованың ұйымдастыруымен өте бастады. Қазылар алқасында Қарақоз бастаған әйгілі топ. Талай қызыққа батқанымыз-ай... Қарақоздың сол шақтағы жан-тану аса қиын екен. Қаһанмен әңгіме үстінде әр адамның өзіне ғана тән бітім-болмысы, өмірге көзқарасы, бір-біріне ешбір ұқсамайтын бітімі мен мінез-құлқы болатынын аңғардық. Өрбір адамның өмірі – өзіне бір тарих. Астарында қуаныш та, реніш те, ерлік те, оны айта-сыз, еңсе түсіріп, кейкітер сындарлы сөздер де болады. Бұл – өмір жасы. Бүгінде көзі тірі болғанда 90 жастың төріне шығып отыратын Қаһарман аға да осындай өмір заңымен жаза баспай жүріп өтті. Осы жылдары талайлармен үзенті қағыстырып, ел басқарды, ел-жұрттың тұрмыс-тіршілігін түзеуге барынша қызмет етті. Туған топырағы Сыр елі күлдендіріп, экономикасы мен әлеуметтік ахуалын жақсартып, өрге бастыруға сіңірген еңбегі өлшеусіз болды. Сөйтіп, өмірде өлмейтұғын ісін қалдырды.

Қарақоздың сол шақтағы жан-тану аса қиын екен. Қаһанмен әңгіме үстінде әр адамның өзіне ғана тән бітім-болмысы, өмірге көзқарасы, бір-біріне ешбір ұқсамайтын бітімі мен мінез-құлқы болатынын аңғардық. Өрбір адамның өмірі – өзіне бір тарих. Астарында қуаныш та, реніш те, ерлік те, оны айта-сыз, еңсе түсіріп, кейкітер сындарлы сөздер де болады. Бұл – өмір жасы. Бүгінде көзі тірі болғанда 90 жастың төріне шығып отыратын Қаһарман аға да осындай өмір заңымен жаза баспай жүріп өтті. Осы жылдары талайлармен үзенті қағыстырып, ел басқарды, ел-жұрттың тұрмыс-тіршілігін түзеуге барынша қызмет етті. Туған топырағы Сыр елі күлдендіріп, экономикасы мен әлеуметтік ахуалын жақсартып, өрге бастыруға сіңірген еңбегі өлшеусіз болды. Сөйтіп, өмірде өлмейтұғын ісін қалдырды.

Белгілі өңші Азамат Жылтыр-гөзөвтің «Елена аял, бізді асырап отырған Қызылорда» дегені бар еді. Астанадағы ұлттық өнер университетінде тәлім беретін ұстаз-өңшінің осы сөзі менің көз алдыма сонда Қарақоздың ұлан-ғайыр еңбегін елестетіп, тізбектеп өткен. Азамат Жылтырғөзов: «бізге оқуға келген жастардың дені Қызылордадан, ол жақта өңші-жұмыр жатқанын жүргі біле берме!»

Карақозді қай кезде көрсен де, қасында бірнеше жасөспірім бала жүреді. «Бұлар кімдер?» дей қалсаң, олар сонау Қазалыдан, Аралдан, Қармақшыдан, не Жана-



дерім ең мазмұнды, ең шуақты сәттері болды. Қарақоз алдындағы шәкірттерден бөлек, жан-жағына, маңайына да шуағын шашып, ақыл-кеңесін аямайтын еді. Менің әндерімнің бағыты мен мазмұнына да үлкен жолбастау көрсеткенін ұмытқам жоқ. Ең алғаш «Көздеріңе ғашықпынды» тыңдағанда, «осы өңің классикалық ән, ұлттық нақыштағы классика» деп бағалады да, менің ән салғанымды да «сен анау Халық әртісі болып жүрген Пәленшева өңшіден бірде-бір кем емессің. Тек көбірек распева-ка жаса» дегені бар. «Қазақ елі» деген әнімді естіп, «Лақа, мынау өңің 50-100 жылдан кейін де айтылатын ән. Жарайсың!» деп шын қуанғанын көрдім.

Қатар жүріп, әзіл-қалжыңымыз жарасқан құрбымдай еді. Қарақоз педагогика институтын, кейін Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияда білім алған кәсіби маман, тұма талант, мен тек тіл маманымын, музыкалық сауатым жоқ. Бірақ «живот знает, музыкаль-ный саудат не хвастает» деп күміс-көміс білімім болмаса да, кәнігі мамандар мойындаған шығармалар жазған мен үшін қашан да Қарақоз бен композитор Рамазан Таймановтың пікірі маңызды еді. Екеуі екі жақтан менің шығармашылығымды талдап, менің той-тобырдым деңгейіне түспеуіме, өміршең шығармалар жазуыма, оларды жоғары деңгейде орындай алуыма ықпал етті. Шығармашылыққа келгенде ешкімді «аямайтын» Рамазан ағам көзімді бақырайтып қойып, талай «сойып салды». Қазір біреуге сал сын айтсаң, жауығып шыға келеді ғой, мен орындай сына ешқашан реңікпен емеспін. Қайта қасымда «мынауың бұлай, бірақ алай» деп жөн көрсететін үлкендер болғаны қандай жақсы?! Кейін біздің басшылықтың «түрпегі» көбейгені, Астанаға қоныс аудардым. 2014-2015 жылдары Астана мен Алматыда үлкен шығармашылық кештерін өтті. Бір концерт беру үшін қандай қиындықтардан өтетінімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Қасакана жолыңды жабатыннан бөлек, сыртыңнан үшкіртіп, дүя жасайтындар мен аяқасты бөле іздеп, ұрынатындар да өре түре-геледі. Тіпті сахнаға шығып бара жатқанда ең ауыр сөзін айтып, көңіл күйіңді бұзғысы келетіндер де, телефонның қарғыс сөзін жазып, тұқыратындар да табылды. Сондай бір сәтте, Қарақоз қасымнан табылды. Менің концерт-тімің сәтті өткеніне тілеулетік айтып, ілтипат білдірудің орнына, зіркілдеп тұрған басшысымақты көрген Қарақоз: «Мынау не сұмдық! Лена қазір сахнаға шығады. Қазір сахна сыртын босатыңыздар! Өңшінің жүйкесін құртпаңдар!» деп, барлығына тойтарыс берді. Кезімнен жасым ыртып, сахнаға шықтым да кеттім. Одан кейін Алматыдағы Республика сарайында өткен шығармашылық кешіме, балаларды кіндіріп, жуындырып, дайындап алып келіп, сахна сыртында өзімнен бірдей болысып жүргірген де, туған жерімнен келген жалғыз тілекшім де өзі болды. Б.Байқаламов атындағы академиялық капелланың менің шығармашылық кешіме қатысқаны, сол капелладағы атақты ән-шылдерін Қарақоздың қатарына жолдас-жоралары екенін сонда білген. «Анау Хор қатарында тұрған ағаларың менің группала-саң, достарым, барлығы Мәскеу, Санкт-Петербург консерватория-сын оқыған білімдері бар мамандар. Саған риза болып жоғары бағалап отыр» деп сөзімнен жеткізіп еді. Өнер адамына осыдан артық қандай мадақ болсын?! Қарақоз бірде «Лена, сен біздің қызылордалық вокалист-өңшілер-мен бір концерт жасашы» деді. Бірақ үлгермедік. Әлемді тәжід тәжал жайлады. Өнер үшін бүкіл ғұмырын сарп еткен, ұрпақ үшін аяныбаған, ауылдан ұзап шықпа-ған қарадомалақ балаларды өзі

дайындап, әлемнің түкпір-түкпіріне байқауларға апарып, өсірген, шыңдаған, тәлім берген ұлы ұстаз, ғажайып адам, адал дос, ақылман ана, қамкор жан Қарақоз Ақжігітқызынан айырылды. Қарақоз десе, Қарақоз еді-ау... Мен үшін арқа сүйер тау құлады! Алдымдағы ақылшы ұстаз өлді! Жанымадағы сырлас достан айырылды! Тірі болсаң, 70 жасыңды тойлап жүрер едік-ау... Сахналық бейнең мен болмысың жүрегімізде тұр, Қарақоз! Сенің өнеріңді өлтірмейтін, жолыңды жалғайтын ұрпақ өсіп келеді – кешегі өзің екен жас шыбық! Олар сенің уақытың! Сені сүйген уақыттар енді туады!

### РУХЫҢА ФАТИХА!

Сандуғашым... Сал Қара\*... Сені аңсады-ау маң дала, Сыбызғыдай сызылатын сырлы әуен Сені күтті кештерде, сені іздейді таңда да... қос өкпене дем жетпейді-ау сәл ғана... Бір-ақ жұтқым... әл ғана... Бірде жеткенде, айтар ма едің ән дара?! Өлде ..жөқтау? – мен секілді зарлана...

...Өңші-ғұмыр – Тәтті арманнан құралған, Таңірінен тек жасқалық сұранған, Сөңді-дағы көзіндегі мың арман-Тәжід тәжал өңі суық қуарған, Мынау фәни жалғаннан Алып бара жатты сенің жаныңды-өнімді...

Қанша жүрек, О, қаншама дұға қылды, Жалғанды... Сандуғашым, неге соңыма мынау дүние тартылды? Сен емес пе ең, үнімінен жамаңдықты аластап, Көркем білесен, адал болмыс әрі асқақ, Жұрт мінасын жеткізген деп бінікке, Жайып берген барыңды? Сен емес пе ең ақылшыммен, нұрыңмен

Қорған болған ұрпаққа Тік көтерген Арымды?! Сен емес пе ең Жарғақ болып жүгірген, Бәйгелерде озырған деп Наркыз бенен Нарұлды?! Сандуғашым – Қарақоз! Сайрайтұғын таң атқанда ала боз... жатыр сонда мендік жастық бала кез...

Донгеленген дүниеде Дүйім елдің жүрегің дүрсілдеткен дарабоз! ...Өң-ғұмырың түсті қанша сынаққа Сахнада шырқадың сен күліп, келіде жылап та... Енді бізден жырақтасың... Жырақта... Сөзімнен... Шаһид жаным шырбылдайды бірақ та...

Тірлік кейде ызғарласаң, Жүрегімді күлкің жүрер жылытып, Ызғарынан мұздар болсам, Үнің тұрар құлақта... Үнің тұрар сан ғасырлар суалмайтын халық атты бұлақта –

Сол бір әуен – Сол бір бұлақ – Жеткізеді ұрпағымыз мұратқа...

Қарақозым, жырақтасың... Жырақта... Сал Қара\* – Қарақоз.

**Елена ӘБДІХАЛЫҚОВА,**  
**ақын, өңші-композитор,**  
Астана қаласы

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

ҒАЛЫМНЫҢ  
ФИБРАТТЫ ЖОЛЫ



«Студенттер сарайында» белгілі ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Аграрлық Ғылымдар академиясының академигі Сұлтанбек Тәуіпбаевтың 70 жылдығына орай ғылыми кеңес өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қатысты.

Кеңесте техника ғылымдарының докторы, профессор Серікбай Әмірзақов баяндама жасады. Фибратты ғұмыр иесінің Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтындағы студенттік жылдары, ғылымға ден қоюы, Мәскеудегі ізденіс кезеңі, профессор Н.Фролов мектебінде өтуі оның ғылыми қалыптасуындағы шешуші белестер ретінде сипатталды. Әсіресе, гидротехникалық құрылымдар тарихын зерттеу Арал өңірінің гидроэкологиялық аху-

лын ғылыми тұрғыдан саралау еңбектері нақты мысалға арқау болды. С.Тәуіпбаев еңбек жолында жергілікті жоғары оқу орнында ұстаздық және басқарушылық қызмет атқарды. Қызылорда өңіріндегі инженерлік білім мен аграрлық ғылымның дамуына қосқан үлесі, кадр даярлау ісіндегі ұйымдастырушылық қабілеті сөз болды. Аймақта су шаруашылығы саласын басқарған жылдары кездес-

кен күрделі жағдайлар, дағдарыс сәтінде нақты шешім қабылдай білуі, саланы жүйелі жолға қоюы оның тек ғалым емес, тәжірибелі менеджер екенін көрсетті.

С.Тәуіпбаев «Қызылордасу шаруашылығы» КМК кәсіпорнының директоры, Сырдария, Жаңақорған аудандарының әкімі болды. 2005-2007 жылдары облыстық мәслихаттың депутаты ретінде аймақтағы өзекті мәселелердің шешілуіне атсалысты. Қызылорда қаласы, Жалағаш, Сырдария және Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы атанды.

Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет аймақтың аграрлық саланың дамуына үлес қосқан Сұлтанбек Тәуіпбаевтың еңбегіне лайықты баға беріп, Құрмет грамотасын табыс етті.

Конференция барысында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қызылорда ашық университетінің ректоры Қылышбай Бисенов, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Ұлттық аграрлық ғылым-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарушы директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Ерлан Айтханов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмірбек Шаменов және өзге де азаматтар жүрекжарды лебіз білдіріп, сый-сияпат көрсетті.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

АЙТҚАН ЕКЕН...

Жасыратыны жоқ, «пален айтқан екен, түген айтқан екен» деген есті сөз, қанатты қағида, мәйекті мақал, тапқырлық тәмсілдерін естіп те, оқып та жүреміз. Бірақ енді, сол айтқандардың кейінгі жүз жылдықтағы бейнежазбамен арнайы дәлелденгендері болмаса, одан аргысының айқын анықтамасын бір Жаратушыдан өзгені білмейтіні ақиқат. Өз басым сондай қанатты сөздің біреуін ғана, бір емес, бірнеше тұлғаға, бір-шешенге «айтқан екен» деп, телініп жазылғанын байқадым. Тіпті шағын отырыстарда қыздырмалармен «айтқан екенді» аталықтармен астастырудың, руга бұрудың да мүлдем маңайына жақындамайтын, күлкінді келтіретін салқыны сезіліп қалып жатады. Сосын кім болса соның айтқанын данышпандыққа балай беруде белен алмағаны дұрыс болар еді. Мына бір қанатты сөздің кім-

нен қалғанын бір Алла білер, бірақ ақылға қонымды екеніне ешкім дау айта қоймас... Ертеде бір хан ерігіп отырып, уәзірлерін жинап алып: «Күндердің күнінде өмірден мен де өтемін. Сонда пәленше деген ханнан қалған екен деп халық айтып жүретін бір қанатты сөз ойлап табындар, бір апта мұрсат берем» деп тапсырыпты. Хан айтқан соң жан қала ма, уәзірлер әрі ойласып, бері ойласқанымен өрелері жетпей бастары қатып, ел ішін аралап кетіпті. Ханның берген мерзімі жақындап бастары қатып келе жатса, елсізде азын-аулақ уақ малын жайып жүрген шалды көріп: «көп жасаған, көпті көрген, бір билесе осы біледі дейік ханға» деп, байғұш шалды дедектетіп ала жөнелді.

Уәзірлерін тыңдап алып хан: «а-ал, менен кейінгілерге қала-тың өсиет сөз айта» деп шалды тығырыққа тірепті. Шал байғұш

қанша ойланса да ондай сөз ойына келмей, ханнан үш күн мұрсат сұрайды. Хан: «үш күнде таппасаң басыңды аламын» деген кепілмен шалды еркіне жібереді. Зұлмат үш күн өте шығады. Еріккен хан атына мініп, уәзірлерін еріп шалды қолдң жағасынан ойлап отырған жерінен тауып, тапсырмасын орындамағанын естіп: «бұған берген соңғы мүмкіндігім болсын, көлге екі бағырыңдар, соған дейін таппаса біржола тұншықтырыңдар» дейді. Уәзірлер бейбақ шалды бір батырады, екі батырады, үшіншісінде әбден су жұтып қақалып-шашалған шал: «босатындар, босатындар хан нем, таптым ондай сөзді» дегенде, хан бұйрығымен жағалауға шыққан шал ентігін басып алып: «көп қорқытты, терең батырады» деп жөніне кете беріпті.

Әлімжан ҚИЯС,  
Қазалы ауданы



Береке ұялаған  
«БЕСАРЫҚ»

Бөдене де бизнес

Жауапты маман одан әрі бөденені мекеніне алып келді. Жұдырықтай құстың бабын ерекше келтіріпті. Жылы әрі жаңа нысанда құсқа барлық жағдай қарастырылған. Автоматтандырылған технология. Ауа температурасы да бақылауда. Шықылдаған құстың даусынан құлақ тұнады. Шаруашылықтың бөденені бағып жатқанына биыл үшінші жыл. Бастапқы 1500 бөденені қазір 11 мыңға жеткізіпті.

Сыр бөденесін ет, жұмыртқа бағытында өсіреміз. Қазір екі түрі бар. Олар гигант және алтын феникс тұқымы. Күніне 3000-4000 жұмыртқа аламыз. Жұмыртқаны қала мен өзіміздің «Сыр дөмі» дүкеніне өткіземіз. Мұнда 8000 бас бөдене өсірілуде. Қызық дерек айтқанын, жұмыртқадан шыққан балапан 45 күннен кейін жұмыртқа бере бастайды. Алты айдан кейін ет бағытына жібереміз. Мына технология Қытайдан әкелінді. Ол алты қатардан тұрады. Әр қатарда 600 бөдене орналасқан. Жұмыртқа жылжып алдыңғы бөлікке түседі. Жем-суы да жылжымалы түрде беріліп отырады, – дейді Ербол Шатенов.

Маманның айтуынша құс ауруға төзімді. Уақытылы вакцинасын салып, күтіп-баптаса аса қиындық жоқ екенін жеткізді. Таңалғанымыз, бір қорада 8000 бөдене бар. Бірақ іші тап-таза. Себебі, құстың санғырығы арнайы технологияда оңай жиналады. Құс өсірушілер күнде 1 сағатты жұмыртқа жинауға арнайды. Көлемі кішкентай жұмыртқа болғанымен адам денсаулығы үшін пайдасы орасан. Түрлі ауруларға ем.

Бөдененің жемін Шымкенттен алырамыз. Осы жердегі құстар күніне 200 келі жем жейді. Өнім мол болу үшін жем-суын уақытылы беріп отырамыз. Мысалы, 5-6 бөдене бір келі болады. Ал келісін 4000 теңгеден, жұмыртқасын 25-30 теңгеден өткіземіз. Өздеріңіз білесіздер, бөдененің сорпасы сан ауруға ем екенін. Сондықтан кәсіпкерлерден тапсырыс көп, – дейді ол.

Серіктестік бөдене санын еселеу үшін тағы қосымша қора салмақ. Бұл жыл аяғына дейін жүзеге асырылады. Сонда бөдене саны да екі есе көбейеді.

Одан әрі тауықтың қалай өсіп, ет бағытына жіберілетініне күз болдык. 3 блокта 4800 бас құс ет бағытында бағылады. Тұқымы қоб-500 деп аталады. Бір базада 1600 тауық болса, бірінші бройлерде 1600 балапан өсірілуде. Бәрі де бірдей сары. Қанатын әлсін-әлсін қағайды.

Мынау үш күндік инкубациядан шыққан балапан. Ет бағытындағы тұқым. Олар елу күннен кейін сойылып, сауда серелеріне жіберіледі. Арнайы сою алағы бар. Сонда дайын өнімге айналып, қапталды. Келісін 1500 теңгеден өткіземіз. Жем-суы автоматтандырылған техника арқылы беріледі. Жемі өзіміздің зауыттан шығады. Оның құрамында бидай, арпа, күріш, жүгері бар. Екі бройлер қорада 20 күндік тауықтың 3200 басы бар. Жалпы, балапанды өсіру де оңай емес. Өте нәзік әрі сезімтал болады. Бөлме жылуын, жем-суын уақытылы беріп, дәрумендер мен қажетті вакцинасын салып отырамыз, – дейді Ербол Асанұлы.

Бұдан бөлек, серіктестікте 7 түйе-құс бар. Олар сәуір айынан бастап жұмыртқалайды. Бір жұмыртқаның салмағы 1,5-2 келіге дейін тартады. Тауықтың жұмыртқасынан 20-25 есе дәруменге бай.

Қорада 2 қораз, 5 мекен бар. Әрқайсысы 500-600 мың теңге тұрады. Түйе-құс Өзбекстаннан 4 жыл бұрын әкелінген. Бастапқы кезде 30-40 басқа дейін барды. Сұранысқа байланысты сатылды. Бір-екі апта бұрын 15 басты Алматы, Шымкент қаласына жібердік. Қалғаны 7 бас. Олардың сәуірде жұмыртқасын жинап, инкубаторға салып, көбейтеміз. Жұмыртқасын «Сыр дөмі» дүкеніне өткіземіз. Түйе-құсқа негізнен жүгері, бидай, күріш, жонышка беріледі. Бастысы, бұл құстар жерсінді. Өздеріңіз білесіздер «Абай-Даулеттің» негізгі шаруашылығы күріш дақылы. Бұл қо-

Сыр бөденесін ет, жұмыртқа бағытында өсіреміз. Қазір екі түрі бар. Олар гигант және алтын феникс тұқымы. Күніне 3000-4000 жұмыртқа аламыз. Жұмыртқаны қала мен өзіміздің «Сыр дөмі» дүкеніне өткіземіз. Мұнда 8000 бас бөдене өсірілуде. Қызық дерек айтқанын, жұмыртқадан шыққан балапан 45 күннен кейін жұмыртқа бере бастайды. Алты айдан кейін ет бағытына жібереміз. Мына технология Қытайдан әкелінді. Ол алты қатардан тұрады. Әр қатарда 600 бөдене орналасқан.

салқы шаруашылықтары. Оған құс, мал және жүзім шаруашылығы жатады. Күрішті ақтап, оны халық тұтынаса, одан қалған қалдықтар да кәдеге жарату үшін осы шаруашылықтарды қолға алдық. Күріш қалдығынан жем тартып, мал мен құсқа береміз. Ал құс санғырығы мен малдың қиын тынайтыны есебінде қолданамыз, – дейді жауапты маман.

Билік жүзім бағы  
жөніл бері

Шаруашылықта 5 гектар жерге жүзім егілген. Кәсіпті үш жыл бұрын бастапты. Биыл өнім алмақ ниетте. Ол үшін дайындық жұмыстары басталып кетіпті. Жүзімнің үш сорты егілген. Онда 7 адам еңбек етеді. Қазір бұл алқапта жұмыс қызу.

Көктемгі дайындық жұмысы жүргізілуде. Жоғары асма тростар тартылып, сыммен тоқылдып жатыр. Өйткені жүзім сабағы осы сымдарға оралып өседі. Әзірге жүзімнің түптері жердің астында. Сәуір айының алғашқы он күніндегі ашылады.

Сондай-ақ жерді күтіп-баптау жұмыстары қолға алынды. Негізінен тынайтыш табиғи. Жүзімнің ет бабы бар. Күзде артық бұтақтары қиып тасталады. Сабағын иіп төмен қаратамыз. Топыраққа көмген кезде сабан саламыз. Бұл жұмыстың өзіне бір жарым ай уақыт кетеді. Үш сорт Өзбекстаннан алынды. Сол жақтан технолог маман келіп, біздің жұмысшыларға бәрін үйретті. Енді жеміс беруіне қарай алдағы уақытта әрекет ететін боламыз, – дейді ол.

Жерге түскен дақыл бейнетпен жеміс береді. Бағбандар ауа райының қолайсыздығына қарамастан еңбек етуде.

Төрт түліктің бабын тапқан

Серіктестіктің төрт түлікке жауапты маманы Нұрсұлтан Әбілдаев мал басы көбейіп келетінін айтты. Кен қора. Қазір

мұнда 200 бас түйе бар. Оның 100 басы аналық. Жылына 25-30 бота алынады. Күнделікті сауылған шұбатты ауыл және қала дүкендеріне өткізеді.

Бакташы күнделікті өріске жайып келеді. Сауыншы сауып, шұбатты арнайы көлікпен дүкенге жеткіземіз. Тұрақты тұтынушылар алады. Түйенің нар тұқымы сүт бағытында ұсталады. Бір күнде екі рет сауылады. Шамамен 50-60 литр шұбат аламыз. Ал жазда үш мезгіл сауамыз, – дейді Нұрсұлтан Әбілдаев.

Осындағы Бекзат Омаров түйе бағады. Оның еңбек еткеніне 6 жыл болыпты. Түйе бағып, техника тізгіндеді.

Таңғы бестен бастап түйені саууға дайындаймыз. Әр түйе бөлек-бөлек қорада тұрады. Сауыншылар сауып болғаннан кейін боталарына қосамыз. Жем-шөбін беріп, қораны тазалап отырамыз. Жылына бір рет қырамыз. Көбіне нардың жүні өзі түсіп қалады. Ал бұранның да өз бабы бар. Таңертең бөлек қораға қамалып, кешке жіберіледі. Себебі жас боталарға зиян келтіруі мүмкін, – дейді бакташы.

Шаруашылықта түйеден бөлек, 1000 бас қой бар. Гиссар тұқымды қой. Ірі, қылшық жүнді, еті майлы, құйрықты келеді. Салмағы 180 келіге дейін жетеді. Біздің жерге бейім келеді.

Қойды шопан күнделікті өріске шығарады. Көктемде екі отарды Сарысуға, яғни көктеуге көшіреді.

Наурыз айынан бастап қойларды арнайы орнына көшіреміз. Өйткені бұл жер тиімсіз. Кене көп болады. Ал көктеуде жазық болғандықтан малға ыңғайлы әрі жусанға бай. Сондай-ақ сәуір айынан бастап төлейді. Шамамен жылына 500 бас қозы аламыз. Қазір екі отар қой бар. Әрқайсысы 500 бастан. Оған екі шопан қарайды. Оларға да жағдай қарастырылған. Көшіруге арнайы техника мен мамандар ұйымдастырылады. Көктеуге көшіп баруға бір апта уақыт кетеді. Жас төлді суық пен аурудан сақтап қалу да үлкен еңбек. Алдағы уақытта ет бағытын қосуды көздеп отырмыз, – дейді жауапты маман.

Төрт түліктің бабын тапқан шаруашылықта қазір 160 бас жылқы бордақлануда. Бұл шаруаға екі адам жауапты. Онда сою алағы, жабық, ашық қоралар мен жем-шөбін сақтайтын қоймалар бар. Қораның сыйымдылығы 200-300 басқа арналған.


Жылқы кемі үш ай бордақыланады. Бабына келген кезде сою алағына жіберіледі. Мәселен, мына қорада тұрған жылқылар етке дайын тұр. Жанадан келгендерін бөлек, бір-екі ай бордақыландырып бөлек ұстаймыз, – дейді жылқышы Бекарыс Әбілда.

Серіктестік атақсипті жандандырып, төрт түлік өркізіп, тұтынушыларға таза, табиғи өнім жеткізіп отыр. Қымыз, шұбат, құрныс пайдалы жұмыртқасы мен еті сұранысқа ие.

Ірі шаруашылықты аралап жүріп, мынадай ой түйдік. Күріш шаруашылығынан басталған кәсіп бүгінде мал, құс шаруашылықтарымен астасып, қалдықсыз өнім өндіретін үлкен компанияға айналады. Оның артында ізденіс, табанды еңбек пен күш-жігер тұрғаны сөзсіз. Ал осындай еңбек көркі бүгінгі Бесарықтың берекелі келбетін танытады.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

«Сыр бойын» ақпараттық агенттігінен де (сайттан) оқыңыз



ЖАРНАМА БӨЛІМІ

70-00-52

www.syrboyi.kz

E-mail: smjarnama@yandex.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz / https://twitter.com/syrboyi / www.instagram.com/syrboyi\_kz

Меншік иесі  
**СЫРМЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
БАС ДИРЕКТОР  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)  
Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.  
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.